

Қобда ауданының Вознесенка селосын Қурайлы ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі N 203 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі N 381 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 шілдеде N 3212 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбында және 1 тармақта орыс тілінде "аул" сөзі "село" сөзімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстарын есепке алып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданының Вознесенка селосы - Қурайлы ауылы деп қайта аталсын.
2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы